

## Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясынан Тәжікстан Республикасына тұз қышқылының транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 маусым N 763

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009\_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының

Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясынан Тәжікстан Республикасына 1999 жылғы 13 мамырдағы N 9/99 шарт бойынша "Сирек кездесетін металдардың шығыс комбинаты" мемлекеттік қәсіпорны үшін (Чкалов қаласы, Тәжікстан Республикасы) "Химэкс" жауапкершілігі шектеулі қоғамы (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы) жеткізетін тұз қышқылының қосымшада көрсетілген сандағы транзитіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімге және басқа да нормативтік кесімдерге сәйкес қауіпсіздіктің ерекше шараларын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы темір жол көлігімен жүк тасымалын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тұз қышқылының транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 7 маусымдағы  
N 763 қаулысына  
қосымша

1999 жылғы 13 мамырдағы N 9/99 шарт бойынша "Сирек"  
кездесетін металдардың шығыс комбинаты" мемлекеттік кәсіпорнына  
(Чкалов қаласы, Тәжікстан Республикасы) "Химэкс"  
жауапкершілігі шектеулі қоғамы (Мәскеу қаласы, Ресей)  
Федерациясы) жеткізетін өнімнің саны

---

Р/с ! Стандарт бойынша ! СЭК ТН !Өлш. ! Саны ! АҚШ долларымен  
N ! өнімнің толық атауы ! коды !бір. ! ! жалпы құны

---

1 Тұз қышқылы 280610000 тонна 8.440 9749.6

---

Жөнелту станциясы: Икша Мәскеу облысы

Бағытталған станциясы: Ленинабад Тәжік темір жолы

Шекарадан өту станциялары: Илецк-1-Шенгелді Қазақ темір жолы

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.